

Көрші елден келген мейман

Қазақстанға Саида Мирзиёева келді

Мемлекет басшысы Өзбекстан Президенті Әкімшілігінің Басшысы Саида Мирзиёеваны қабылдады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Саида Мирзиёеваның сапары Астана мен Ташкенттің стратегиялық серіктестігін ілгерілету тұрғысынан ерекше мәнге ие екенін атап өтті.

— Сіздің сапарыңыз Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы ортақ ынтымақтастықты дамыту үшін өте пайдалы болады деп санаймыз. Біздің саяси жүйелерімізде президент әкімшіліктері айрықша рөл атқарады. Мен әкімшіліктер арасындағы жұмыс қатынастарының жанданғанын әрдайым қолдаймын. Бір-бірімізбен байланыстарымыз артқан сайын Орталық Азиядағы тұрақтылық, өңірлік ықпалдастық нығая түседі. Өйткені Қазақстан да, Өзбекстан да тұтас көрсеткіштер бойынша ірі мемлекеттер саналады. Елдеріміз қазір дамудың бетбұрыс кезеңінде тұр. Бізге бейбітшілік пен қауіпсіз-

дік қажет. Сонда ғана реформаларды сәтті іске асыра аламыз, — деді Президент.

Мемлекет басшысы 2026 жыл Қазақстанда Цифрландыру және жасанды интеллект жылы деп жарияланғанына тоқталды.

— Мен Бұхараға жасаған жұмыс сапарымды ризашылықпен еске аламын. Біз Өзбекстанның көптеген салада, соның ішінде жасанды интеллектіні енгізу мен цифрландыру бағытында қол жеткізген табыстарымен танысуға мүмкіндік алдық. Әлем жасанды интеллектіні қарқынды түрде дамытуға бет бұрды. Осы орайда біз де қазіргі заман ағымына ілесе білуіміз керек, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёевке жылы лебізін жолдады.



Елге қызмет — ұрпаққа міндет

"Жас сақшы" сыныптарының алғашқы түлектері сертификат алды



Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі өскелең ұрпақты патриоттық рухта тәрбиелеуге, олардың құқықтық мәдениетін қалыптастыруға, азаматтық жауапкершілігін арттыруға және заңға құрмет сезімін нығайтуға бағытталған "Жас сақшы" полиция сыныптарын дамыту бойынша жүйелі жұмысты жалғастыруда.

Бүгінде ел бойынша 267 "Жас сақшы" сыныбы бар. Онда бес мыңнан астам оқушы білім алады. Бұл жоба қоғамдық қауіпсіздік мәселесіне назар аударып, елге қызмет етуге және құқық қорғау саласына қызығушылық танытатын белсенді жастарды бір ортада біріктіреді.

Полиция сыныптарындағы оқу үдерісі оқушылардың көшбасшылық қасиеттерін, тәртібін, мемлекеттік рәміздер мен ұлттық құндылықтарға деген құрметін дамытуға ықпал етіп, ел болашағына жауапкершілікпен қарауға үйретеді. Құқық бұзушылықтардың алдын алуға, заңға бағынатын мінез-құлықты тәрбиелеуге және жастар арасында полицией мамандығын насихаттауға ерекше назар аударылады.

2025-2026 оқу жылында жалпы саны 52 оқушыдан тұратын үш "Жас сақшы" сыныбының түлектері мектеп бітірді. Олар енді Ішкі істер министрлігінің ведомстволық жоғары оқу орындарында білім алуға ниетті. Бұл жоба ішкі

істер органдары үшін кадрлық резерв қалыптастыруда өзінің жоғары тиімділігін көрсетіп отыр.

Өңірлерде полиция сыныптарының алғашқы түлектерінің мектеппен қоштасу рәсімдері өтті. Алматы қаласында полиция департаментінің бастығы Айдын Қабдұлдинов "Жас сақшы" сыныптарының түлектеріне сертификаттарды салтанатты түрде табыстап, олардың патриотизм мен құқықтық мәдениетті нығайтуға қосқан үлесін ерекше атап өтті. Ақтөбе облысында полиция департаментінің бастығы Қайыркен Әлиев те бейіндік сынып түлектеріне сертификаттар табыстап, жастарды азаматтық жауапкершілік және қоғамға қызмет ету рухында тәрбиелеудің маңыздылығына тоқталды.

"Жас сақшы" полиция сыныптарын дамыту Ішкі істер министрлігінің жастарды патриотизм, заң және құқықтық тәртіпті құрметтеу рухында тәрбиелеуге бағытталған маңызды жұмыстарының бірі болып қала береді.

Хабарландыру

"Асфекс" ЖШС 30.07.2026 жылы сағ. 10:00 ШҚО, Зайсан ауданы, Қарабұлақ а.о., Қарабұлақ а., Абай Құнанбайұлы к-сі №12А (әкімдік ғимараты) мекен жайында "ШҚО, Зайсан ауданы (Зайсан қаласынан солтүстік-батысқа қарай 27 км) мекенжайы бойынша мұнай және мұнай өнімдерін өңдеуге арналған жабдықтар мен АТК ғимаратын орната отырып, өндірістік база салу" нысаны бойынша кешенді экологиялық рұқсат алу үшін құжаттар жиынтығы бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өтетінін хабарлайды.

Қажет болған жағдайда Сәтпай а. тұрғындарын тыңдау өтетін жерге жеткізу ұйымдастырылады. Жеткізу мәселелері бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей +7 771 831 1777 тел. арқылы хабарласуға болады.

Жобалық құжаттама Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкінің (ҰБД) сайтында қолжетімді <https://ndbecology.gov.kz/>, сондай-ақ "ШҚО Табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы" ММ ЖАО сайтында.

Ескертулер/ұсыныстар ҰБД сайтында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде, сондай-ақ Өскемен қ., Б. Керімбаев к., 19 "ШҚО Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" ММ, тел. 8(7232) 25-70-82, d.babakanova@akimvko.gov.kz.

ТЖ және (немесе) шектеу іс-шаралары енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдаулар онлайн-режимде өткізіледі.

Қосылуға арналған деректер:

<https://us06web.zoom.us/j/87666007379?pwd=z8WtwaL0UgWwy4tMXPRAGob9JKyTB44.1>

Идентификатор конференции: 876 6600 7379

Код доступа: qWx511

Қосымша ақпаратты жоспарланған қызметтің бастамашысы — "Асфекс" ЖШС-дан алуға болады. БСН: 250840026439, ҚР, ШҚО, Өскемен қ., Гагарин бульвары, № 21/1 үй, 33, тел: +7 771 831 1777.

Жобалаушы — "Облградпроект" ЖШС. БСН: 111140010668. Заңды. мекен-жайы: ҚР, ШҚО, Өскемен қ., Әуезов даңғылы, 14/1 үй. Тел.: +7 777 651 3184. Ал.мекен-жайы: t_rusanova1@mail.ru.

Объявление

ТОО "Асфекс" сообщает, что 30.07.2026 года в 10:00 ч. по адресу ВКО, Зайсанский район, Карабулакский с.о., с.Карабулак, ул. Абая Кунанбайулы №12А (здание акимата), состоятся общественные слушания в форме открытого собрания по объекту "Строительство производственной базы с установкой оборудования для переработки нефти и нефтепродуктов и здания АБК по адресу ВКО, Зайсанский район (в 27 км северо-западнее г.Зайсан)" по комплекту документов для получения комплексного экологического разрешения.

В случае необходимости будет организована доставка жителей с. Сәтпай до места проведения слушаний. По вопросам доставки обращаться по тел. +7 771 831 1777 не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний.

Проектная документация доступна на сайте Национального банка данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов (НБД) <https://ndbecology.gov.kz/>, а также на сайте МИО ГУ "Управление природных ресурсов и регулирования природопользования ВКО".

Замечания/предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на сайте НБД, а также по адресу г. Усть-Каменогорск, ул. Б. Керімбаев, 19 ГУ "Управление природных ресурсов и регулирования природопользования ВКО", тел. 8 (7232) 25-70-82, d.babakanova@akimvko.gov.kz.

В случае введения ЧП и (или) ограничительных мероприятий, общественных слушания проводятся в онлайн-режиме.

Данные для подключения:

<https://us06web.zoom.us/j/87666007379?pwd=z8WtwaL0UgWwy4tMXPRAGob9JKyTB44.1>

Идентификатор конференции: 876 6600 7379

Код доступа: qWx511

Дополнительную информацию можно получить у инициатора намечаемой деятельности - ТОО "Асфекс". БИН: 250840026439, РК, ВКО Усть-Каменогорск г.а., г.Усть-Каменогорск, Бульвар Гагарина, дом № 21/1, 33, тел: +7 771 831 1777.

Проектировщик - ТОО "Облградпроект". БИН: 111140010668. Юр.адрес: РК, ВКО, г.Усть-Каменогорск, пр. Ауэзова, д. 14/1. Тел.: +7 777 651 3184. Эл.адрес: t_rusanova1@mail.ru.



Менің **ӨЛКЕМ**

газетіне барлық **"Қазпошта" АҚ** бөлімшелерінде 2026 жылға жазылу жалғасуда

Индекс	Жазылушылар санаты	1 айға	3 айға	6 айға
19044	Жеке тұлғалар үшін	825 тг	2475 тг	4949 тг
19045	Заңды тұлғалар үшін			7972 тг

Редакцияға келіп газеттің әр санын сатып алуға болады. Бағасы 250 тг